

Компьютерлік және серверлік жабдықтарды республикалық меншіктен Астана қаласының коммуналдық меншігіне беру туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 5 қыркүйектегі N 771 Қаулысы

"Мемлекеттік мүлікті мемлекеттік меншіктің бір түрінен екінші түріне беру ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 22 қаңтардағы N 81 қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** :

1. Астана қаласы әкімінің Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің теңгерімінен осы қаулыға қосымшаға сәйкес компьютерлік және серверлік жабдықтарды республикалық меншіктен Астана қаласының коммуналдық меншігіне беру туралы ұсынысы қабылдансын.

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігімен және Астана қаласының әкімдігімен бірлесіп, заңнамада белгіленген тәртіппен осы қаулыға қосымшада көрсетілген мүлікті қабылдап алу-беру жөніндегі қажетті ұйымдастыру іс-шараларын жүзеге асырсын.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 0 7

ж ы л ғ ы

5

қ ы р к ү й е к т е г і

N

7 7 1

қ а у л ы с ы н а

қосымша

Астана қаласының коммуналдық меншігіне берілетін компьютерлік және серверлік жабдықтардың тізбесі

N р/с	Жабдықтардың атауы	Саны, дана	Бір бірлік- тің бағасы, теңге	Теңгерім- ділік құны, теңге
1.	Желілік жабдық: Желілік кабел - 50 метр, розетка RJ-45 - 1 дана, коннекторлар RJ-45 - 5 д а н а , кабелегон - 25 метр	90	16000	1440000

2.	100-250 сервері	1	26870150	26870150
3.	50-100 сервері	5	1402760	7013800
4.	10-50 сервері	5	641432	3207160
5.	Желілік дерекқорымен жұмыс істеуге арналған пайдаланушылардың офистік жұмыс станциясы (BrandName), жұмыс станциясына арналған үздіксіз коректендіру блогы (BrandName)	187	139017	25579128
6.	Желілік дерекқорымен жұмыс істеуге арналған әкімшілердің офистік жұмыс станциясы (BrandName), жұмыс станциясына арналған үздіксіз коректендіру блогы (BrandName)	13	201268	2616484
7.	Желілік принтер	2	192816	385632
8.	Жергілікті принтер	49	25227	1236123
9.	D-Link DU-562 M модемі	14	10734	150276
10.	Сканер	9	14271	128439
11.	Сканер	1	21407	21407
	Жиыны	373		68648599